

Шағын өлшемді кемелер үшін база-тұрақтардың маңайындағы су объектілерін (акваторияларды) техникалық куәландыру бойынша ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1998 жылғы 17 қыркүйектегі N 204 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 21 қаңтарда N 669 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 12 желтоқсандағы N 490-І бұйрығымен

Шағын өлшемді кемелердің су объектілерін тиімді пайдалануын қамтамасыз ету, су объектілерін қорғаудың ұйымдастырылуын бақылау және Қазақстан Республикасының су қоймаларында кеме иелерімен кемелер үшін база-тұрақтарда арналар мен жағалаулар бұзылмау мақсатында бұйырамын:

1. Шағын өлшемді кемелер үшін база-тұрақтардың маңайындағы су объектілерін (акваторияларды) техникалық куәландыру бойынша ережелер бекітілсін.

2. Көлік инспекциясы (С.Ш. Есенов) және заңгерлік жұмыс бөлімі (О.Е. Ахметжанов) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіпте нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
Министрінің 1998 ж. 17 қыркүйектегі
N 204 бұйрығымен бекітілді

Шағын өлшемді кемелер үшін база-тұрақтардың маңайындағы су объектілерін (акваторияларды) техникалық куәландыру бойынша Ережелер

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер, меншік нысанына қатыссыз, кеме иелеріне тиесілі шағын өлшемді кемелер үшін база-тұрақтардың маңайындағы су объектілерін (акваторияларды) техникалық куәландыруға арналған.

2. Объектілерді техникалық куәландырудың мақсаты олардың пайдалануға әзірлігін тексеру болып табылады.

3. Барлық кеме иелері су объектілерінің тиімді пайдалануын және қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Су объектілерін пайдаланушылар су қоймаларының арналары мен

жағаларының, гидротехникалық және басқа ғимараттардың бұзылуына жол бермеуі, кеме қатынасы жолдарын демалу үшін пайдаланатын басқа заңды тұлғалар мен азаматтардың құқықтарын бұзбауы тиіс.

2. Объектілерді есепке алу тәртібі

5. Барлық объектілер Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының есепке алуына жатады.

6. Объектілерді есепке алуға мыналар кіреді:

- 1) су объектісі (акваториясы) иесінің негізгі техникалық сипаттарын (ұзындығын, енін, сыйымдылық ауданын), тұрмыс, сауда және медициналық бөлмелердің, құтқару постарының санын көрсетуімен объектінің сызбасын көрсете отырып есепке алу карточкасын толтыру;
- 2) объекті туралы мәліметтерді су объектілерін есепке алу журналына енгізу;
- 3) объектіге журналдағы нөмірге сәйкес нөмір беру.

3. Су объектісінің техникалық куәландыруын жүргізуді ұйымдастыру

7. Объектінің (акваторияның) пайдалануға әзірлігін анықтау үшін жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландыру жүргізіледі.

8. Жыл сайынғы техникалық куәландыру осы талаптардың көлемінде негізгі сипаттарын растау, тиісті жабдықтардың, құралдардың бар-жоғын тексеру үшін жүргізіледі.

9. Кезектен тыс техникалық куәландыру объектінің негізгі сипаттарын өзгерткен күрделі жөндеуден, модернизациялаудан немесе қайта жабдықтаудан, табиғи ападан кейін жүргізіледі.

10. Объектіні техникалық куәландыру жүргізгенде мыналар тексеріледі:

- 1) объекті ауданының жүзетін бірлік санына сәйкестігі;
- 2) құтқару постарының, алғашқы медициналық көмек көрсету үшін бөлмелердің бар-жоғын, су қоймаларының, өзендердің, көлдердің, теңіздердің жағалау учаскелерінде олардың толық жинақтылығын;
- 3) белгіленген нормаларға сәйкес құтқару және өртке қарсы мүліктің бар-жоғы;
- 4) объекті аумағының күйі, суға түсу және секіру үшін пайдаланылатын көпіршектердің, салдардың, мұнаралардың техникалық күйі;
- 5) суда бақытсыздық жағдайлардың алдын алу жөніндегі материалдармен, шомылатындарға суда өзін ұстау тәртібі туралы кеңестермен, су мен ауаның температурасын, желдің бағытын, судың ағу жылдамдығын көрсетумен кестемен, жағажай аумағының және тереңдіктер мен қауіпті орындарды көрсетумен акваториясының сызбасы мен стендтардың бар-жоғы.

11. Объектіні (жыл сайынғы, кезектен тыс) техникалық куәландыру қорытындыларының негізінде Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының

лауазымды тұлғасымен акті құрылады.

12. Объектіні техникалық куәландыру навигация ашылғанға дейін жүргізіледі. Су объектілерін бақылап қараудың көлемі мен мерзімдері пайдаланудың жағдайлары мен үдемелілігіне байланысты белгіленеді.

4. Су объектілеріне қойылатын талаптар

13. Объектінің жағалау аумағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беруі тиіс. Аумақ қоршалған, жақсы тегістелген, жаңбыр сулары ағатын жолдары болуы тиіс, ласталмауы және батпақтанбауы тиіс.

14. Су объектілері ағатын суды жіберу орындарынан кемінде 500 м жоғары және порттық құрылыстардан, пирстерден, дебаркадерлерден, айлақтардан, мұнай құю құрылғыларынан кемінде 1000 м қашықтықта болуы тиіс.

15. Жыл сайын, шомылу маусымы басталар алдында су қоймасының түбі жүзіп бару шекарасына дейін объекті иесімен қаралуы және тазалануы тиіс, осы т у р а л ы а к т і қ ұ р ы л а д ы .

16. Шомылатын орындар жағамен көпірлермен немесе траптармен қосылуы, сенімді бекітілуі тиіс, суға түсер орындар қолайлы және таянышы болуы тиіс.

17. Су акваториясы жарық түсіретін құрылғылармен жабдықталады. Жарық түсіру құрылғыларында бір бағытқа түсіретін қалпақтары болуы тиіс. Айлақтың суға шығатын шеттерінде қараңғы түсісімен кемінде 2 м биіктікте кеме жақтан анық көрінетін шеңберлі ақ от жағылуы тиіс.

18. Егер объектіде суға секіретін орындар жабдықталған болса, онда олар тереңдетілген жағасымен акваториялардың табиғи учаскелерінде болуы тиіс. Осындай учаскелер жоқ болғанда тереңдігі сүңгігенде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін орындарға дейін ағаш көпірлер немесе салдар орнатылады. Мүмкіндік болса суға секіру үшін мінбелер орнатылады.

19. Кішкене көпірлерде, траптарда, салдар мен мінбелерде жұмыс күшіне сыналған тұтас төсем болуы тиіс. Сынаудан кейін сынақ уақытын көрсетумен "Сыналған" белгісі қойылады.

20. Шомылу орындарында жүзіп баруға болатын шекаралар бір бірінен 25-30 м және тереңдігі 1,3 м орындардан 25 м дейін қашықтықта орналастырылған ашық түсті қалқыма белгілермен белгіленуі тиіс. Жүзіп баруға болатын шекара кеме жүрісінің аумағына шықпауы тиіс.

21. Егер балалардың шомылуы үшін және жүзу білмейтіндер үшін тереңдігі 1,2 м аспайтын акватория учаскелері жабдықталса, онда олар траптарда бекітілген қалтқылар сызығымен белгіленуі немесе штакет қоршаумен қ о р ш а л ы н у ы т и і с .

22. Объектінің аумағында судан ең алысы 5м, әрбір 50 м сайын құтқару шеңберлері ілінген қалқандар қойылуы тиіс. Шеңберлерде объектінің атауы және "Батып бара жатқанға лақтыр".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК